

Жасыл желек жамылған

Болат Департаментінде экологтардың Әл-Фараби ат. ҚазҰУ ЮНЕСКО-ның Турақты даму жөніндегі кафедрасының аға оқытушысы Әйгерім Керемқұловамен кездесуі өтті. Кездесудің мақсаты – комбинаттың санитарлық-қорғау аймағы мен Теміртау қаласының аумағындағы топырақ сынақтарының ластану деңгейін анықтау.



Әйгерім Керемқұлова «Металлургиялық комбинаттың іргелес аумағының ластануын бағалау және оны төмендету бойынша шараларды әзірлеу» тақырыбында докторлық диссертация қорғамақ. Бұл үшін оған кейбір зерттеулер жүргізу керек.

- Теміртау - өнеркәсіптік қала. Біз аталмыш жұмысты жүргізуге және зерттеу нәтижелерін алуға мүдделіміз, - дейді «АрселорМиттал Теміртау» АҚ экология жөніндегі директоры Галина Дроздова. - Бүгінгі күнге дейін біздің қалада 2018 жылдың қысындағы «қара» қар мәселесі әлі көпшілік есінде, ізге заманауи экологиялық ұрал-жабдықтарын ұсынып, «қара» қар мәселесін шешуге әде беруші компаниялардан

ұсыныстар көптеп келіп түсуде. Қазақстанда АрселорМиттал компаниясы осы бағытта көп жылдар бойы жұмыс жасап келеді және біз осы ұсыныстардың әрқайсысын қарауға тырысамыз. Шынайы ақпарат алу үшін Әйгерім өткізетін зерттеуге қатысуға және көмектесуге дайынбыз. Тәуелсіз сарапшы, әрі ғылым өкілінің қала тұрғындарын атмосфералық ауа сапасының нақты жағдайлары, сарқынды өнеркәсіптік сулар мен топырақ туралы ақпараттандыруы біз үшін өте маңызды. Өйткені кінәліні тағайындау оңай, бірақ неге мұндай құбылыстар болып жатыр - қызғылт, қара, қызылсары қардың пайда болудың шынайы себептері, әдетте, жабулы қазан күйінде

қалады. Ғылыми қызметкер Әйгеріммен кездесу, біз үшін алғашқы жұмыс тәжірибесі емес - топырақ сынақтары комбинат шекарасы шегінде үнемі бақылауда ұстаймыз, талдаулар сырт зертханалармен орндалады. Әйгерімнің жұмысы біздің қызығушылығымызды тудырады, өйткені біз топырақтың фондық ластануын білетін боламыз.

Кездесуде талқыланатын мәселелер қоршаған ортаға шығарылатын эмиссиялар бойынша докторлық диссертацияны жазу және зерттеу үшін қажетті ақпаратты дайындауға қатысты болды, топырақ сынақтарын алу нүктелері анықталды. Әйгерім тікелей қалада және одан тыс жерлерде топырақ сынақтарын алу нүктелерін өзі анықтайтын болады.

Әйгерім Керемқұлова комбинат басшылығына әріптестігі үшін алғыс айтып, жоба туралы біраз әңгімелеп берді:

- Диссертацияның тақырыбы неге пайда болғаны түсінікті болу үшін мен басынан бастайын. Өткен жылы Алматыда «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» атты конференциясы өткен. Онда қарағандылық студенттер қатысты, міне солар Теміртауда қалыптасқан экологиялық ахуал жайында айқан болатын.

Олар өз ғылыми жұмысында тек жағдайды түсіндірді, бірақ шешім әдісін ұсынбады.

Біздің кафедра осы мәселеге қызығушылық танытып, мен докторлық жазуға кіріскенді, нағай осы тақырыпты алуды ұсынды. Менің ғылыми жетекшім биология ғылымдарының кандидаты, профессор, топырақтанушы Батыргелді Шиншиков мені қолдайды. Докторлық жұмыс екі негізгі бөлімнен тұрады - топырақ сынақтарын жан-жақты талдау және мәселені шешу әдістері. Мен Теміртау топырағын фитомелиорация арқылы тазартуды ұсынамын. Яғни, біз өсімдіктерді қолданамыз. Біздің университеттің жылыжайында сынақтар алып, сіздің жеріңізде қандай өсімдіктер қолайлы екенін ғылыми жолмен анықтаймыз. Сонымен қатар, келесі жылы мен Испанияға Валенсия университетіне



барамын. Онда менің өкілші жетекшім жұмыс істейді. Испандықтардың топырақты тазалаудың өз әдістері бар. Нәтижесінде жұмысында мен екі әдісті біріктіргім келеді. Менің диссертациямның нәтижелері рейтингтік ғылым журналдарда жарияланады. Бірақ бұл ең бастысы емес - мен Теміртау қаласының өз тұрғындары үшін таза және жайлы болғанын қалаймын.



> Инновациялар

Заманауи технологиялар